

**О. Хасанбоева, М. Иноятова,
В. Костецкий**

ӘДЕПНАМА

Жалпы орта білім беретін мектептердің
1- сыныбына арналған оқулық

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім
беру министрлігі бекіткен*

УЎК: 17(075.2)
КБК 74.200.51
X 33

Жауапты редактор **Р. Х. Джураев** — п. ф. д., академик.

Пікір жазғандар:

Ш.Тураев — ф.ф. кандидаты, доцент;

З.Жуманова — Низами атындағы ТМПУ докторанты;

З.Жабборова — Республикалық білім беру орталығының
әдіскері;

Г.Саидалиева — Юнусабад ауданындағы №96 мектептің жо-
ғары санатты бастауыш сынып оқытушысы.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:



– бірге оқимыз;



– мақалдың мағынасын
талда;



– тапсырма;



– сұрақ;



– сұрақ және
тапсырма;



– есте сақта.

Республикалық мақсатты кітап қоры есебінен басылды.

ISBN 978-9943-22-385-1

© О. Хасанбоева, М. Иноятова,
В. Костецкий

© „O‘qituvchi“ БПШҮ, 2019

I. ӨЗБЕКСТАН — АЗАТ ТА АБАТ ОТАН

1. 1 СЕНТЯБРЬ — ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

Перзенттердің тыныштығы, олардың бақыты, кемелі — қоғамның ең үлкен байлығы.

Шавкат Мирзияев,
Өзбекстан Президенті



Мерекеніз құтты болсын!





Жалауымыз реңге бай,
Мағынасы реңіне сай:
Ақ рең — пәктік, ақ ниет,
Жасыл рең ше — табиғат.
Қызыл, рең — тамырдағы қан,
Көк рең — ашық аспан.
Ай-жұлдызы жарқыраған,
Сүйікті — Өзбекстан.



Мемлекетіміздің жалауын боя.




2. БАБАЛАРДАН МҰРА ЕЛ



Самарқант



Нөкіс



Бұхара



Хиуа



Ташкент, Самарқант, Бұхара, Хиуа мен Нөкіс қалалары туралы не білесің?



Ташкент — Ўзбекистанның астанасы



Нұрлы өлкем

Ўзбекистан — нұрлы өлкем,
Құшағы толы гүлге өлкем.
Жалын құсы қалықтап,
Бақытқа бастар көркем.

Дилшод Ражаб

Абат Отан



Астанамыз бен ауылдарымыздағы жаңа құрылып жатқан ғимараттар



Сен жасайтын жерде қандай жаңа ғимараттар құрылып жатыр?



II. ӘДЕП — КІСІЛІКТІҢ БЕЛГІСІ

3. ӘДЕП-АҚЫЛАҚ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ БАСТАПҚЫ ТАЛАПТАРЫ



1. Сеніңше, бұл балаларды неліктен мейірбан және әдепті деуге болады?
2. Есіңе түсірші, сен қайсы сиқырлы сөздерді көп қолданасың?

„АССАЛАУМАҒАЛЕЙКУМ“,

„ИӘ“,

„РАҚМЕТ“,

„ӨТІНЕМІН“,

„САУ БОЛ“.





Есіңе түсірген сиқырлы сөздеріңді пайдаланып, „Әдеп ережелері“ деген өлеңді толтыр және есіңде сақта.

<p>Бірінші ереже: Алдын сәлем, кейін сөз, Сөз басында: „...“.</p>	
<p>Екінші ереже: Құлаққа майдай жағады, „Ау“ демей, десең: „...“.</p>	
<p>Үшінші ереже: Ісің түссе болар сөз, Күліп, десең: „...“.</p>	
<p>Төртінші ереже: Қош келіпсің, мархабат, Көмек бергенде: „...“.</p>	
<p>Бесінші ереже: Үндемей кетпе, Айбол, Сөз соңында: „...“ де.</p>	



4. ӘДЕПТІ БАЛА — ЕЛГЕ СЫЙЛЫ



Суреттен қорытынды шығар!



Есіңде сақта! Әдепті бала адамдармен сұхбаттасқанда сиқырлы сөздерді көп әрі орынды қолданады.



Төмендегі балаларды неліктен әдепсіз дейміз? Әдепті бала қандай болады?







„Өтінемін“, „Мархабат“, „Рақмет“
сынды сиқырлы сөздерді қолданып,
төмендегі жағдайларды сахналанды-
рып көрсетіп бер.



5. СӘЛЕМДЕСУ ӘДЕБИ

Сәлем беру ең жақсы қасиет.



„Ассалаумағалейкүм“ — „Сізге тыныштық пен саламаттық тілеймін“.

„Ва алейкүм ассалом“ — „Сізге де тыныштық пен саламаттық тілеймін“.





Сәлемдескенде айтылатын сиқырлы сөздерді есіңе түсір.

Ассалаумағалейкүм!

Ва алейкүм ассалом!

Жақсы жүрсіз бе?

Саламат болыңыз!



Көшеде сыныптасыңды кездестіріп қалдың, қалай сәлемдесіп, сұхбаттасуыңды көрсетіп бер.

Балам, соны біл:
 Әдебің — қасиетің.
 Әдеп бейне бір қазына,
 Сәлемің — сенің әдебің.
 Әдеп бейне бір ұшар ат,
 Сәлемің — алтын қанат.



6. СӘЛЕМДЕСУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

<p>Қолды көкірекке қою „Сізді құрметтеймін“ дегені.</p>	
<p>Әдетте, кіші үлкенге сәлем береді.</p>	
<p>Бір кісі көпшілікке сәлем береді.</p>	
<p>Машинада кетіп бара жатқан адам жаяу жүргіншіге сәлем береді.</p>	
<p>Телефон тұтқасын көтеріп, „Иә“ дейледі, кейін сәлем беріледі.</p>	
<p>Таңертең бет-қолды жумастан сәлемдеспейді.</p>	






Берілген суреттердегі жағдайларды талда. Балалар сәлемдесу ережелерін қалай орындайтындарын айтып бер.



7. МӘМІЛЕ ӘДЕБІ



Күліп тұрған баланың
өзі сұлу,
Мейір нұры тамған
көзі сұлу.
Әдебі де шуақтай —
жүзі сұлу,
Жылы да ыстық лебізді
сөзі сұлу.



Мәміле әдебінде қолданылатын сөздерді есіңе түсір.

Досым...

Құрбым...



Рақмет!

Жарайды!

Мархабат!

Жақсы жүрсіз бе?

Сау-саламат жүрсіз бе?



Жоғарыдағы сөздерді пайдаланып, осы жағдайды сахналастыр.



Есіңде сақта! Сұхбаттасқанда сиқырлы сөздерді пайдалан!



8. ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН ЖАМАНДЫҚ

Адамдарды қуантатын, ауырын жеңілдететін іс-әрекеттер жақсылық саналады. Адамдарды ренжітетін, өкпелететін іс-әрекеттер жамандық саналады.



Төмендегі жағдайларды сахналас-тыр және пікір білдір.



Бірге жауап бер.

Не — жақсы, не — жаман?


- Көмек беру
- Немқұрайдылық
- Еңбексүйгіш болу
- Жалқаулық



- Үлкендерге құрмет көрсету
- Сөз қайтару



Өміріңде суреттердегі қайсы жағдайларға тап болғансың? Тағы қандай жағдайларда жақсылық жасауға болады?



9. БІЗДІҢ БОРЫШЫМЫЗ

Борыш бұл тапсырылған істерді дер кезінде орындау, өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау. Жауапкершілік бұл өз іс-әрекеті үшін жауапкершілікті сезіну.



Оқушының борышы

Гүлнәр — жауапкершілігі бар қыз. Ол өзінің оқушылық борышын жақсы біледі. Мектепке өз уақытында келеді. Сабақта тәртіпті сақтайды. Жақсы оқиды.

Бүгін Гүлнәр — кезекші. Ол ерте келіп, сыныптың тазалығын тексерді. Үзілісте тақтаны жарқыратып сүртіп қойды.

Ұстазымыз Гүлнәрді „жауапкершілігі бар оқушы“ деп мақтады.



„Оқушылық борышы“ дегенде нені түсінесің?





Суретті бақыла. Балалардың қайсылары өз ісіне жауапкершілікпен қарап жатыр деп ойлайсың?



10. РИЗАШЫЛЫҚ

Ризашылық бұл адамдардың көмегіне қуану, оларға рақмет айту.



Адамдарға қандай сөздермен рақмет айтқаныңды есіңе түсір.

Ризамын!


Алғысымды білдіремін!

Рақмет!

Қуандым!



Осы жағдайлар үшін әдемі ризашылық сөздерін тап.





Үлкендер саған қандай сөздермен ризашылық білдіреді?

Бәрекелде!

Әкеңе рақмет!

Мың рақмет!

Береке тап!



Суреттерді сахналастыр. Әдемі ризашылық сөздерін пайдалан.



Бата — алтыннан қымбат.



11. ЖАНҰЯДА

Әрбір адамның өз жанұясы бар. Жанұяда ата-ана, ата-әже, аға-іні, әпке-сіңлілер тату жасайды. Олар бір-біріне кез келген істе көмектесуі қажет. Өйткені, жанұя шағын Отан.



1. Суретте кімдер бейнеленген?
2. Жанұя мүшелерің туралы айтып бер.



Ата-анаңды және туғандарыңды қадірле!

1. Ата-анаң мен бауырларыңа мейіріммен және құрметпен қатынаста бол.

2. Ата-анаңа міндетсіз қолғабыс жаса.



🗣️ Сен үйде қандай істерді орындайсың? Жанұяңдағы тәртіп-ережелер туралы айтып бер. 🛎️



12. БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ӘДЕП-АҚЫЛАҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Оқушы тәртіпті болуы, жаттығуларды құнтпен орындауы керек.
- Мектептің мүлкін және оқу құралдарын көз қарашығындай сақтау тиіс.
- Мәміле әдебін орындау керек.
- Сұрақ қоймақшы немесе жауап бермекші болғанда қол көтеруі керек.



Тапшы, суретте қайсы ереже бұзылған?





Оқушылар мектептің қайсы ережелеріне мойынсұнып жатыр?



Ұстаз — ғылым бағының бағбаны.

Әдеп — кісінің алтын байлығы.



13. ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДА ӨЗІН ҰСТАУ

Мектепте, көшеде, театрда, кітапханада, қоғамдық транспорт орындарында мысал болады.

Олардың өз тәртіп-ережелері бар.



Суреттерге қарап, қоғамдық орындарда ненің жақсы ненің жаман екенін біліп ал.



Жақсы ма немесе жаман ба?

- Сәлем беру
- Кешірім сұрамау
- Жымию
- Адамдарды ренжіту
- „Рақмет“ айту
- Айқайлап сөйлеу.



Жаңа достармен қалай танысатыныңды сыныптасыңмен сахналастырып көрсет.

Пайдалану үшін сөздер:

Танысқанымға қуаныштымын!

Рақмет!

Досым...

Дос болайық...

Жолдасым...



ҚАЙТАЛАУ



1. Неліктен елімізді „Азат та абат Отан“ деп атаймыз?

2. Үлгіні пайдаланып, қалаларымызды сипаттап бер.

Үлгі: *Наманган — гүлдер қаласы.*

Самарқант —



Хиуа —



Нөкіс —



3. Туылған жеріңді сипаттап бер.

4. Мектепте орындалатын әдеп-ақылақ ережелерін айтып бер.

Сөз сиқыры



Жадырайды бар әлем,
Десе достар „Сәлем“ .



Бұл сөздер қандай керемет:

„Жарайды“, „Иә“, „Рақмет“ .

Жадыратар көңілді

„Қош келдіңіз“ дегені.

Соңғы сөз де ғанибет:

„Сау-саламат болыңыз“ .

Дилшод Ражаб



Топтарға бөлініңдер. Өлеңдегі белгіленген сөздерді пайдаланып, Аяз ата мен Қарша қыздың сұхбатын сахналастырыңдар.



III. АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫ — ЕЛ БАЙЛЫҒЫ

14. ТАЗАЛЫҚ — ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ



Суреттегі заттардың қайсылары таза жүру үшін қолданылады?



Тазалығың — саулығың.

Қайрат неге ұялды?

Сабақ кезі еді. Сыныпқа мектеп директоры Омар Акбарович кірді. Оқушылар орындарынан тұрып, директорға сәлем берді. Директор Қайратқа қарап:



— Қайрат, тазалыққа мойынсұну туралы нелерді білесің? — деп сұрады.

Қайрат орнынан тұрды. Оның киімдері мыжылған, шашы таралмаған, туфлиі лай еді.

Қайрат жауап бере алмай, ұялғанынан қызарып, жерге қарады.

Айтшы, неге Қайрат ұялып, жауап бере алмады?



Ұқыпты бол


Қандай жақсы, балалар,
Тазалық, ұқыптылық.
Дайын болу көмекке,
Әдеп пен сұлу құлық,

Мухиддин Омон



15. ТАМАҚТАНУ ӘДЕБИ ЖӘНЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ

 Суретті бақылап, қорытынды шығар.



Әжемнің насихаттары

Кешкі тамақ кезі еді. Хұсан өте асығып тамақтанды. Сонда әжем мынаны ескертті:

— Тамақтанудың өз әдебі мен ережелері бар. Мен үшеуін айтып беремін: біріншісі — әдепті бала тамақтанудан бұрын және кейін қолын жуады. Екіншісі — өзінен үлкендерден бұрын тамаққа қол созбайды. Үшіншісі — дәмді тамақ үшін рақмет айтады. Қалғандарын сен өзің айтшы?!



Тамақтанудың тағы қандай ережелерін білесің?



16. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУ



Тамақтану әдебіне мойынсұнбай жатқан жағдайларды тап!




? Дастарқан айналасында қандай сиқырлы сөздер қолданылады?

Ас болсын!

Алыңыз, татып көріңіз...

Рақмет, тамақ өте дәмді болыпты!

! Жоғарыдағы сөздерді қолданып, „Мен қонақпын“ ойынын ойнаңдар. Тәрелке, қасық және шанышқыларды суретте көрсетілгендей етіп пайдалан.



17. ҚАУІПТІ ЖАҒДАЙЛАРДА ТӘРТІПТІ ЖӘНЕ ДҰРЫС ӘРЕКЕТ ЖАСА

Қауіпті жағдай — өзінің немесе басқалардың айыбымен, немқұрайдылықтың салдарынан адам өміріне қатер төнуі.




Мұндай қауіпті жағдайлар нелерге әкеп соғады?





Қауіпті жағдайларда қандай дұрыс әрекет жасау керек екенін есіңде сақта.



Өміріңе қатер төндірме!





18. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУ

! Қауіпті жағдайларда қайсы цифрларға телефон соғатыныңды есіңе түсір.

101 102 103 104 1050

? Сеніңше, осы жағдайларда қайсы цифрға телефон соғу қажет?



! Қауіпсіздік қызметтерінің аттарын есіңе түсір.

„Жедел медициналық жәрдем“
 „Өрт сөндіру қызметі“ „Газ қызметі“
 „Ішкі істер басқармасы“
 „Құтқару қызметі“



Бұл машиналар қауіпсіздік қызметінің қайсы түріне кіреді? Үлгіге қарап, керекті қызмет түрін жаз.

Үлгі:



„Газ қызметі“



„Құтқару қызметі“



IV. БІЛІМ АЛ, ӨНЕР ҮЙРЕН

19. КІТАП — БІЛІМ БҰЛАҒЫ



Суреттерді салыстыр да қорытынды шығар.

Кітап

Мен кітаппын, кітаппын,
Нұрын шашқан шуақпын.
Жыртып қойса мені егер,
Біліп қой, мен — науқаспын.

Абдулла Турдиев



Кітап оқу ережелері:

- кітапты таза қолмен ұста;
- кітапты абайлап-сақта;
- кітапты жатып, көзге жақын ұстап оқыма, бұл денсаулыққа зиян;
- кітапты жарық сол жақтан түсетін жерде оқы. Кітап оқығанда бет белгіні пайдалануға әдеттен.



Сен кітапты абайлап-сақтау үшін не істейсің?

Ғылымға жетелер
баршаны
Қызығып оқиды барша
оны.

Ол — алтын қазына,
Суреті де сан алуан.
Қанеки, досым, мұны
тап!

Еске түсір, бұл —



20. БІЛІМ АЛ, ӨНЕР ҮЙРЕН

Балалар, күш-қайратпен еңбек етсеңдер, әлбетте, болашақта білімді, өнерлі, кемел адам боласыңдар.



Тапшы, бұл балалар болашақта кім болуы мүмкін?



Қолөнерші

Қолында щетка, майы,
 Үнемі ашық шырайы,
 Бояушы Тұрғын нағашым,
 Жетпіс өнерге ие шын.

Қабырғаға салған нақышы,
 Қандай әсем, тым жақсы.

Әрі шебер, аспаз да,
 Әнші әрі ұстаз да.

Иелесең көп қолөнер,
 Өнер өрге жетелер.



Обид Расул



Бөлек тұрған шумақтар арқылы
 қолөнершінің қандай болатынын ай-
 тып бер.



Өнерсіз адаммен дос болма.

„Қабуснамадан“



Өнерсізге жоқ.



21. АДАМ ЕҢБЕГІМЕН ҚАДІРЛІ

Еңбекпен өміріміз әл-ауқатты. Пайдалы және қажетті заттардың бәрі адам еңбегінің арқасында пайда болған. Сондықтан еңбексүйгіш адамды еліміз қадірлейді. Ғазиз оқушылар, қажырлы да еңбекқор бол!



Есіңде сақта! Оқушының негізгі еңбегі — мұқият білім алу.

Қайратты оқушы

„Жас оқырман“ байқауында Надыр ағам жеңімпаз болды. Ұстазымыз Дана Хамидовна оған үлкен гүлшоғын сыйлады. „Надыр бар ынтасымен ұмтылғандықтан байқау жеңімпазы болды. Сендер де Надыр сияқты болуды қаласаңдар, еңбектен қашпаңдар!“ — деді ұстаз.

Надыр ағама қатты әуесім келді.





Сен өзіңді еңбексүйгіш дей ала-сың ба?



Еңбек — бақыт кілті.

Әлішер Науаи

Бүгінгі істі ертеңге қалдырма.



Еңбек етіп тапқаның,

Б

тәтті татқаның.



22. КІМ БОЛСАМ ЕКЕН?

(Практикалық жаттығу)



Суреттерді пайдаланып, мамандықтар туралы өлең жұмбақтардың жауабын тап.



Денсаулық сақшысы,
Аурулардың шипасы,
Өз кәсібін жақсы білер,
Оның аты —

* * *

Оқырманға қызмет етеді,
Баршамызға кітап береді.
Ол кім өзі, ойланшы,
Таптым —

* * *




Қолдарында қаламсап, сурет салады, кім? —



Сөзжұмбақты шеш. Берілген сөздерді өзіне сай торларға орналастыр.

Ұшқыш, дәрігер, құмырашы, құрылысшы, инженер.



Жоғарыдағы мамандықтар туралы нелерді білесің?



Өнер — таусылмайтын қазына.



V. АТА-БАБАЛАР ЖАДЫ МӘҢГІ

23. ЕСКЕ АЛУ ЖӘНЕ ҚАСТЕРЛЕУ КҮНІ

9 май — Еске алу және қастерлеу күні.

Сол күні біз бабаларымыздың өнегелі істерін еске аламыз.

Бізді тәрбиелеп, әдеп-ақылақ үйреткен ата-әжелерімізге, ата-анамызға рақмет айтамыз.


Отанымыздың тыныштығы мен жасампаздығы жолында жан пидаеткен, бізге бақытты балалықты сыйлаған ата-бабаларымызды еске аламыз. Олардың ескерткіштеріне гүлдер қоямыз.

Қарттар мен науқастардың халінен хабар аламыз. Еске алу және қастерлеу — перзенттік парызымыз.



Бабалар жады мәңгі.





1. Суретке қарап, тыныштық күресшілерінің жадын қалай еске алатыныңды айтып бер.
2. Тыныштық үшін күрескен ата-бабаларымыздан кімдерді білесің?
3. Неліктен қаһарман ата-бабаларымыздың жадын есімізде сақтаймыз?



Ерлік — мәңгілік.



24. ЗИЯРАТ ӘДЕБІ

(Практикалық жаттығу)



Елімізде көптеген зиярат орындары бар. Еске алу және қастерлеу күнінде біз зиярат орнында болдық. Зиярат орнына кіруден бұрын ұстазымыз:

„Балалар, зиярат орны аумағында тазалықты сақтаңдар. Дауыстап сөйлемеңдер. Ата-бабаларымыздың өмірі



мен өнегелі істері жайлы көбірек мәлімет жинаңдар“, — деп дайындады.



Ата-анаңмен жақын жердегі зиярат орнына бар. Зиярат әдебін сақта.

Данышпандар зиярат әдебі туралы

* Зиярат орнына жуынып, таза болып бару керек.

* Зиярат орнына сәлем беріп кіру қажет.

* Зиярат орнында кірпіштер мен нақыштарға түрлі сөздерді және ниеттерді жазуға болмайды.

* Ұлылар кесенесінің үстінде шам жағу, қасындағы ағаштарға түрлі шүберектер мен таспаларды байлауға болмайды.



VI. ТАБИҒАТ ЖӘНЕ БІЗ

25. ТАБИҒАТТЫ САҚТАУ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ ҚҰШАҒЫНА САЯХАТ ЖАСАУ ӘДЕБІ

Табиғат — бұл жер, аспан, ағаштар, жануарлар, тұнық су және таза ауа дегені. Табиғат қойнына саяхат жасау кезінде тазалықты сақтау, жануарларды қинамау, тұнық суға қоқыс тастамау керек. Болмаса, Әлімжанның достары сияқты ұялып қаласыңдар.

Табиғатты сақта

(Өміршең ертегі)

Жазда Ғалымжан достарымен тау қойнына саяхатқа шықты. Күні бойы таза ауада демалды. Ғалымжан өзгеше бала, табиғатпен сөйлесе алады. Ол Су бойында демалып жатқан еді, оның сөзін есітіп қалды:



— Ғалымжан, Әлиге айт. Неге маған қоқыс тастайды? — деді Су.

— Сәлімге айт, бұтақтарымды сындырмасын, жаным ауырады, — деді сыбырлап Өрік ағашы.



— Махмұт балапандарымды ұрып түсірмекші, — деді Құс.

Бұл сөздерді есіткен Ғалымжан қатты ренжіді. Оларды аяп, жылап жіберді. Достары қылмыстарынан ұялды. Судан, Өрік ағашы мен Құстан кешірім сұрады.



Ертегіден қорытынды жасаңдар. Табиғат құшағына саяхат жасау әдебіне нелер жатады екен?



26. ЖАНУАРЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ — ЖАҚСЫ ҚАСИЕТ

Жануарлар — адамның жақын достары. Олар үнемі адамға қызмет етіп келген.

Кептер хат тасыған.



Ат алысты жақын етеді.



Ит үйімізді қорықтайды.



Патша арыстанды, данышпан ләйлекті және ұшар атты өте жақсы көресіңдер, дұрыс па? Олар сұлулығымен, ерлігімен және ақылдылығымен мейіріміңді оятқан. Есігің алдында мөлдіреп тұрған мысық баласына, қар астынан ұсақ іздеп жатқан құсқа жаның ашиды, әрине. Бірақ аяудың өзі

аздық етеді. Жануарларға қамқорлық жасау қажет.



Төмендегі жануарлар атының бас әрпін тапсаң, „Қызыл кітапқа“ кірген жануардың атын табасың.

К +



+ I +



Бұлбұл неге сайрамайды?

Аға, біздің бағымызда,
Бұлбұл неге сайрамайды?
Бізбен тату болып,
Ойнамайды, жайрамайды.



Бұл құс бағымызда
Сайрап жүргенде, Қалдар,
Қуған едің ғой өзің,
Әлі де есінде бар.

Аллаберген Пулат



Құстар қандай балалардан қашады?



27. ТАБИҒАТ ЖЕМІСТЕРІН ҮНЕМДЕУ

Адам табиғат жемістерінсіз өмір сүре алмайды. Тіпті тамақтарымыз да оның көмегімен әзірленеді. Табиғат жемістерінің арқасында тұрмысымыз жақсы. Электр қуаты мен табиғи газсыз не істей алатын едік?! Электр қуаты үйлерімізді жарықтандырады, үлкен кәсіпорындар, теледидар, радио, тоңазытқыш, компьютер, ұялы телефон — бәрі-бәрі соның арқасында істейді.

Ауызсу барған сайын азайып бара жатыр.

Газ, су және электр қуатын үнемдеу біздің адамилық борышымыз.



Әр нәрсенің өлшемі бар.



1. Су, газ, электр қуаты адамға қандай пайда келтіреді?

2. Неліктен ауызсуды үнемдеу қажет?



1. Суреттердегі жағдайларға баға беріңдер.
2. Сен су, газ және электр қуатын үнемдеуге қандай үлес қосып жатырсың?



Сусыз өмір жоқ,
еңбексіз — рақат.



28. ҚОРЫТЫНДЫЛАУШЫ САБАҚ

Әдепнаманың 1- сынып оқушыларына насихаттары



Міне сен „Әдепнаманы“ оқып, әдеп-ақылақ туралы көп нәрселерді үйрендің. Мәміле және сәлемдесу әдебіне қатысты сиқырлы сөздерді қолдануға әдеттендің. Мектепте, табиғат құшағында және қоғамдық орындарда өзіңді қалай ұстау керек екенін біліп алдың. Өтілген тақырыптарды бір есіңе түсірші, барлығын меңгеріп алдың ба?!

Жазғы демалыстан бұрын саған қажетті кеңестерді бермекшімін. Олар саған әрқашан керек болады.



Есіңде сақта!

1. Үйіңде шағын кітапхана ұйымдастыр. Көбірек оқуға, білім иелеуге ұмтыл.

2. Сау тәнде сау ақыл болатынын есіңде сақта. Дене шынықтырумен, спортпен тұрақты шұғылдан.

3. Жақсы әдеттерді қолдан. Жаман әдеттерден аулақ бол.

4. Шыншыл бол. Ешқашан өтірік сөйлеме.

Егер осы әдеттерді ұстансаң, сені барша жақсы көріп, құрметтейді.

Қош болыңдар, ғазиз балаларым! Әдепті адам елде құрметті болатынын есіңде сақта!



МАЗМҰНЫ

I. ӨЗБЕКСТАН — АЗАТ ТА АБАТ ОТАН

- | | |
|--|---|
| 1. 1 сентябрь — Тәуелсіздік күні | 3 |
| 2. Бабалардан мұра ел | 5 |

II. ӘДЕП — КІСІЛІКТІҢ БЕЛГІСІ

- | | |
|--|----|
| 3. Әдеп-ақылақ ережелерінің бастапқы талаптары | 8 |
| 4. Әдепті бала елге сыйлы | 10 |
| 5. Сәлемдесу әдебі | 12 |
| 6. Сәлемдесу ережелері | 14 |
| 7. Мәміле әдебі | 16 |
| 8. Жақсылық пен жамандық | 18 |
| 9. Біздің борышымыз | 20 |
| 10. Ризашылық | 22 |
| 11. Жанұяда | 24 |
| 12. Білім беру мекемелеріндегі әдеп-ақылақ ережелері | 26 |
| 13. Қоғамдық орындарда өзін ұстау | 28 |
| Қайталау | 30 |

III. АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫ — ЕЛ БАЙЛЫҒЫ

- | | |
|--|----|
| 14. Тазалық — денсаулық кепілі | 32 |
| 15. Тамақтану әдебі және ережелері | 34 |
| 16. Практикалық жаттығулар..... | 36 |

17. Қауіпті жағдайларда тәртіпті және дұрыс өрекет жаса..... 38
18. Практикалық жаттығу 40

IV. БІЛІМ АЛ, ӨНЕР ҮЙРЕН

19. Кітап — білім бұлағы 42
20. Білім ал, өнер үйрен 44
21. Адам еңбегімен қадірлі 46
22. Кім болсам екен? (Практикалық жаттығу) 48

V. АТА-БАБАЛАР ЖАДЫ МӘҢГІ

23. Еске алу және қастерлеу күні 50
24. Зиярат әдебі (Практикалық жаттығу) 52

VI. ТАБИҒАТ ЖӘНЕ БІЗ

25. Табиғатты сақтау және табиғат құшағына саяхат жасау әдебі 54
26. Жануарларға қамқорлық — жақсы қасиет 56
27. Табиғат жемістерін үнемдеу 58
28. Қорытындылаушы сабақ 60

74.200.51
X 33

Хасанбоева, Ойша

Эдепнама: 1- сыныпқа арналған оқулық /
О.Хасанбоева, М.Иноятова, В.Костецкий —
Ташкент: „O‘qituvchi“ БПШҮ, 2019. — 64 бет.

ISBN 978-9943-22-385-1

УЎК: 17(075.2)
КБК 74.200.51

Oysha Hasanboyeva

Muhayyo Inoyatova
Vasiliy Kostetskiy

ЭДЕПНАМА

Ta'lim qozoq tilida olib boriladigan maktablarning 1- sinfi uchun darslik

„O‘qituvchi“ nashriyot-matbaa ijodiy uyi
Toshkent — 2019

Аударған *Р. Бабатаева*
Редактор *Г. Нишанова*
Суретші *Б. Мухамедов*
Дизайнер *Қ. Шомуродов*
Техникалық редактор *Н. Ниязмухамедова*
Компьютерда беттеген *У. Қурбонова*

Баспа лицензиясы AI №012. 20.07.2018 ж.
Басуға рұқсат етілді 21.05.2019 жыл. Пішіміі 70x90 1/16.
Кеглі 18. Офсеттік әдіспен басылды. Офсеттік қағаз. Шартты б. т. 4,68.
Баспа-есеп т. 4,0. Таралымы 5792 нұсқа. Тапсырыс № 19-266.

Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясы құзырындағы
Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінің „O‘qituvchi“ баспа-по-
лиграфия шығармашылық үйі. Ташкент — 206. Юнусабад ауданы,
Янгишахар көшесі, 1-үй. Келісім-шарт № 35-19.

Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясы құзырындағы
Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінің „O‘zbekiston“ баспа-по-
лиграфия шығармашылық үйі баспасында басып шығарылды.
100011, Ташкент, Науаи көшесі, 30.